

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттаманы (83-bis бап) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 4 мамыр N 188-II

Монреальда 1980 жылғы 6 қазанда жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттама (83-bis бап) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты ХАТТАМА

(2002 жылғы 10 қыркүйекте күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

(1980 жылғы 6 қазанда Монреальда қол қойылды)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ АССАМБЛЕЯСЫ,
1980 жылғы 6 қазанда Монреальда өзінің 23-сессиясына ЖИНАЛЫП,
әуе кемелерін жалға, кіреге алу және халықаралық ұшуларды орындау кезінде оларды алмасу туралы А21-22 және А22-28 қарарларды НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,
Заң комитетінің 23-сессиясы дайындаған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға түзетудің жобасын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

Уағдаласушы мемлекеттер әуе кемелерін жалға, кіреге алу және оларды алмасу немесе мұндай әуе кемелеріне қатысты қандай да болмасын осындай іс-әрекет жасалған жағдайда тіркелген мемлекетінің белгілі бір функциялары мен міндеттерін әуе кемесін пайдаланушының мемлекетіне беру туралы ережені әзірлеуге ортақ ниет білдіретіндігін АТАП КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны жоғарыда көрсетілген мақсаттарда өзгерту қажет деп ЕСЕПТЕЙ
О Т Ы Р Ы П ,

1. Жоғарыда аталған Конвенцияның 94 а) бабының ережелеріне сәйкес көрсетілген Конвенцияға ұсынылған мынадай түзетуді БЕКІТЕДІ:
83-баптан кейін мынадай жаңа 83-bis бап қосылсын:

"83-bis бап

Белгілі бір функциялар мен міндеттерді беру

а) Уағдаласушы мемлекетте тіркелген әуе кемесі әуе кемелерін жалға, кіреге алу

немесе өзара алмасу шартына сәйкес немесе егер оның мұндай қызмет орны болмаса, негізгі қызмет орны басқа Уағдаласушы мемлекетте орналасқан пайдаланушының кез келген осындай шартына сәйкес пайдаланылатын жағдайда 12, 30, 31 және 32 а) баптардың ережелеріне қарамастан, тіркелген мемлекеті осындай басқа мемлекетпен келісім бойынша оған 12, 30, 31 және 32 а) баптарда көзделген осы әуе кемесіне қатысты тіркеу мемлекеті ретіндегі өзінің функциялары мен міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін бере алады. Тіркелген мемлекеті берілген функциялар мен міндеттерге қатысты жауапкершіліктен босатылады.

б) Беру көзделген мемлекеттердің арасындағы келісім Кеңесте тіркелгенге және 83-бапқа сәйкес жарияланғанға дейін немесе келісімнің бар екендігі және оның мәні туралы екінші мүдделі Уағдаласушы мемлекеттің өкіметіне немесе мемлекет келісімнің тарапы-мемлекетке тікелей хабарлағанға дейін беру басқа Уағдаласушы мемлекеттерге қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а й д ы .

с) Жоғарыда айтылған а) және б) тармақтарының ережелері де 77-бапта көзделген жағдайларға да қолданылады".

2. Аталған Конвенцияның айтылған 94 а) бабының ережелеріне сәйкес жоғарыда айтылған түзету оны тоқсан сегіз Уағдаласушы мемлекет бекіткеннен кейін күшіне енеді деп БЕЛГІЛЕЙДІ, және

3. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Бас хатшысы мәтіндері бірдей тең болып табылатын орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде және жоғарыда айтылған түзету мен төменде жазылған ережелерді қамтитын Хаттама жасайды деп Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

а) Хаттамаға Ассамблеяның Төрағасы мен оның Бас хатшысы қол қояды;

б) Хаттама айтылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны бекіткен немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің бекітуі үшін ашық;

с) бекіту грамоталары Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырылады ;

д) Хаттама оны бекіткен мемлекеттерге қатысты тоқсан сегізінші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылған күні күшіне енеді;

е) Бас хатшы барлық Уағдаласушы мемлекеттерге Хаттаманы бекіту туралы әрбір құжаттың сақтауға тапсырылған күні туралы дереу хабарлайды;

ф) Бас хатшы барлық мемлекеттерге - аталған Конвенцияның қатысушыларына Хаттаманың күшіне енген күні туралы дереу хабарлайды;

г) Хаттаманы жоғарыда көрсетілген күннен кейін бекіткен кез келген Уағдаласушы мемлекетке қатысты Хаттама олар өздерінің бекіту грамоталарын Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырғаннан кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ Ассамблеяның жоғарыда көрсетілген іс-қимылдарына с ә й к е с ,

Осы Хаттаманы Ұйымның Бас хатшысы жасады,

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, оған Ассамблея уәкілеттендірген Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Ассамблеяның жоғарыда айтылған жиырма үшінші сессиясының Төрағасы мен Бас хатшысы осы Хаттамаға қол қойды,

бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдың қазан айының алтыншы күні Монреальда орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде бір құжат түрінде ЖАСАЛДЫ және де олардың әрқайсысындағы мәтін бірдей тең болып табылады. Осы Хаттама Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мұрағатында сақтауға қалдырылады, ал оның куәландырылған көшірмесін Ұйымның Бас хатшысы барлық мемлекеттерге - бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың желтоқсан айының жетінші күні Чикагода жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның тараптарына жолдайды.

Ассамблеяның 23-ші

Бас хатшы

сессиясының Төрағасы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.